



● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ПИК-тен МИБ-тің несі артық?

ПИК-тің орнына МИБ-ті күткелі үш жыл. Заң шыққалы да осына. Обалы нешік, заң күшіне енген іле-шала. Заң шіркінде кінәрат жоқ. Айып – асықпай жүріп, анық басқан өзімізде. Не десек те, ПИК-тен ат құйрығын біржолға кесісіп, кете салу да оңай емес екен. Көп-көрім қиындық тудырды. Сондықтан да ПИК-пен «қоштасу» биылғы шілденің 1-іне дейін ұзарғаны мәлім. Негізі, ПИК-тің «базары» 2022 жылғы қаңтарда толық тарқауы тиіс еді. Бірақ олай болмады...

айтады. Яғни, бұл 90 шаршы метрлі пәтерге айына 13 500 теңге төлеуі тиіс деген сөз. Аз қаражат емес. Сондықтан да осы орайда жаңа үйлердің өзінде әр пәтерден шақтап қаражат жинап, МИБ құру – маңыздырақ. Дегенмен, ол да мәселені түбегейлі шешпейді. Себебі, МИБ үнемі жалақы алатын сантехник,

да келіскен жоқпыз. Өйткені, үш бөлмелі пәтерге айына 12 мың теңгеден шығады. Өте қымбат, – дейді кешен тұрғыны Кристина Семенова. Сондықтан да тұрғындар өзара МИБ құруға келісімге келді. Кешендегі 45 пәтер 4 мың теңгеден шығарып, оған аула тазалаушы мен еден жуушы жұмысқа алына-

мүмкіндігі бар 6145 көпқабатты үйлердің ішінде 203 МИБ және 5942 ЖС тіркелген. Бұл – 100 пайызды құрайды екен.

«Кондоминиум объектілерін басқару бойынша ең төменгі тариф бүгінде облыстың 13 өңірінде бекітілген. Облыс бойынша орташа тариф 1 шаршы метр үшін 25-28 теңгені құрайды.

Бүгінгі таңда қалалар мен аудандардың әкімдіктері ЖС-ке көшу бойынша пәтерлер саны 30-дан



Денсаулық

Пациентті қолдайтын қызмет

Дәрігерлердің қызметіне шағым айтушылар қашан да көп. Орынды айтылғаны да, жала жабылғаны да болады. Оның ақ-қарасын анықтайтын – пациенттерді қолдау қызметі. Ол барлық деңгейдегі медициналық ұйымдарда бар. Қолдау қызметі медициналық мекеме мен келушілер арасында байыпты байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Былтыр қордың Қарағанды филиалына облыс тұрғындарынан 23 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Оның 1611-і шағым.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған қызметтің мақсаты бір. Ол – пациенттердің өтініштерін, соның ішінде шағымдарды уақытылы қабылдау және қарастыру. Мәселен, өткен жылы облыстық клиникалық аурухана пациенттерінен 3 мыңнан астам өтініш түскен. Негізінен тұрғындар МӘМС аясында аурухана мамандарының қабылдауына жазылу, аурухана орталықтарында жатып ем алу туралы сұраған.

Шағым медицина қызметкерінің кәсіби этика нормаларын бұзуына, медициналық көмектің қандай да бір түрлерінің қолжетімсіздігіне немесе сапасына қатысты болуы мүмкін, – дейді облыстық клиникалық аурухана директорының сапаны бақылау бойынша орынбасары Люция Гомель.

Бізге осындай алты хабарлама түсті. Оларды мұқият қарастырып, пациенттердің шағымна қанағаттандырылды. Шағымдар мен өтініштер өткен жылдармен салыстырғанда сапа жағынан өзгерді. Егер бұрын шағымдар медициналық көмектің сапасына қатысты болса, қазір олар тұрмыстық мәселелерге – палатаның жылуына, төсек тазалығы, тамақтану, яғни аутсорсингке қатысты түседі. Бұл қызметтерді сырттан келетін компаниялар көрсетеді. Өрине, санитарлар мен медбикелердің жұмысына қатысты сұрақтар да қойылды. Деонтология бойынша өтініштер айтарлықтай азайды. Өйткені біз медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыруына көп көңіл бөлеміз. Біз пациенттің емделгенін және олардың жағдайы жайлы болғанын қалаймыз. Аутсорсинг шеңберінде, яғни, тамақтану, кір жуу, дератизация, дезинфекция бойынша шағым түскен жағдайларда сапаны бақылау қызметі аутсорсинг басшысына шағым хат жазады. Өткен жылы бірнеше ұқсас жағдайлар талқыланып, аутсорсингтік компания кешірім сұрап қызмет бірден ауыстырылды.

Біз сапалы медициналық қызмет көрсетуге мүдделіміз. Біздің құрылым болашақта мұндай қателіктердің алдын алу үшін және қай жерде қателескенімізді анықтау үшін ақпарат көзінің көп болғаны жақсы, – дейді Люция Гомель.

Егер пациенттерді қолдау қызметіне жүгіну нәтиже бермесе, пациент әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz сайты арқылы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы, Телеграмдағы SaqtandyruBot арқылы да өтініш бере алады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өзі – қожа, өзі – би, дегенмен...

Мойындау керек. 1997 жылы «шыр» етіп, «дүниеге келген» «КСҚ» Үкіметтің үкілеген үмітін риясыз ақтай алмады. Билік те жасырып, жаппастан «ПИК өзінің қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтқанын» жалпақ елге жария қылған. КСК-ның бәрі бірдей сенімге селкеу түсірді деуге келмес, әрине. Дегенмен, басым бөлігі. КСК атаулы заманында үй-жайдың жоғын «ысықырып жүріп іздегеніне» екінің бірі, егіздің сыңары куә. Сондықтан да, мүлік иелері бірлестігін құру мәселесі туындаған-тын. Оны туындатқан да уақыттың – өзі. Мүлік иелерінің бірлестігі, немесе жай серіктестік арқылы әр үйі өзіне жағдай жасайтын қағидатты ұстанады деген пәтуа ақылға сыйымды көрінген. Әйткенмен, «Бақсақ, бақа екен» демекші, МИБ-тің беймәлім кілтпандары бар екен. Тарқатайық.

МИБ-тің негізгі қағидасы – «Бір үй – бір МИБ – бір есепшот». Қарасаңыз, орынды. Әр үйдің – өз бюджеті. Бұрынғыша бір үйдің ақшасымен, екінші үйдің жыртқығын жамау жоқ. Яки, белгілі бір үй өз қаражатын өзіне ғана жұмсайды. Зандағы өзгерістер үй иелерінің таңдау жасап, шешім қабылдауына еркіндік береді. Сол арқылы «Үй кеңесі» құрылады. Бұған дейін, ПИК дегеннің біразы көпқабатты үйлерді «оқунжітіп» жібергені өтірік емес. Тұрғындардың жауапсыздығы да бұл арада жығылғанға жұдырық болған-ды.

Сол себепті де ПИК секілді басқарудың мән-маңызы қалмағанын билік те атады. Содан осындай жаңалықтармен тұрғын үй шаруашылығын «серпілтісі» келеді. Негізінен, өте құптарлық. Өз тын-тебенін бір үйі бір өзіне жаратуы, оның есеп-кисабы көз алдында тұруы «бітпес даудан» құтқарады. Шашылып қалған шаруашылығын қалпына келтіреді. Былайша айтқанда, «Ортақ өгізден оңаша бұ-



Коллаж жасаған Шынар Аманбекова

зау артық» деуге әбден лайық.

Бұрын бір ПИК-те кемінде 150-300-ге жуық пәтер бар еді. Бұдан түскен қаржының қайда кететінінен жұрт бейхабар-тын. Пәтер иелері кооперативтерін тексеріп, тергенен құзырлы орын, не тұрғындар тағы жоқ еді. Енді МИБ-те оның бәрі жойылады. Онда тұрғындар төлеген тиындарына дейін түгендеуге хақылы. Десек те...

Сантехниксіз сан соғып қалмай ма?

Жаңа салынған аз қабатты әрі пәтер саны көп емес үйлер үшін бұл анау айтқандай оңай шаруа емес екен. Бейресми деректер жаңа үйді басқаруына алған үй басқармаларының бір шаршы метрге 130-150 теңге шамасында ақы сұрайтынын

электрик секілді тұрақты мамандар ұстамайды. Қажеттілік туындағанда ғана жүгінді. Аула тазалаушы, кіреберісті жуып-шаятын еден жуушы тұрақты болуы үшін оған ақы керек.

«Ару ана» тұрғын үй кешенінің тұрғындары өз ішінен МИБ құруға келісімге келген. Өйткені бұған дейін ұсынғыс айтқан бірнеше үй басқармаларының сұраған ақысы шаршы метрге 130 теңгеден кем емес. Шаршы метрі 40 теңгеге ешбір үй басқармасы келіспеген. Бұл кешеннің ауданы шағын, небары 3000 шаршы метр дейді құрылыс компаниясы.

Көрсетілген сомаға үй маңындағы аумақ, кіреберістерді жуып-шаю, сантехникалық және электрлік жұмыстар кіреді екен.

– Бұған мен де, өзге тұрғындар

ды. Сантехникалық және электр энергиясына қатысты мәселелерде келісіммен мамандар шақырылмақшы. Әйтпесе, оларға тұрақты түрде айлық төлеп ұстап тұруға тұрғындардың шама-шарқы жетпейді. Ал егер ол кешендерде аяқ асты апатты жағдай орын алса, қайтпек керек? МИБ-тегі түйткілді мәселенің бірі – осы. Оған әзірге жауап жоқ. Үйдің жаналығы уақытша оларға жүгінбеуге мұрсат беріп тұр. Ескі үйлер қалай қылмақ? Ол жағы беймәлім бізге.

Жаңа тұрғын үйге тариф қымбат

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, бүгінде жаңа басқару нысандарын құру

асатын жерде МИБ-не көшу бойынша жұмыс жүргізуде», – дейді энергетика басқармасының басшысы Қайрат Бегімов есебінде.

Қарағанды қаласы әкімдігінің дерегінше, шаһардың үй қорына 2 645 көпқабатты үй тіркелген. Оның ішінде, Қазыбек би ауданында – 1590, Октябрь ауданында – 1055 үй. Алайда, басқарма көрсеткен тарифтің су жаңа үйлерге келгенде қолданылмайтынын жоғарыда атап өттік. Демек, құзырлы орындар бұл жағдаяттан бейхабар. Оған қоса, «сантехниксіз, электріксіз бұл үйлердің көрген күні қалай болар екен?» деген күдікті ой да көңіл түкпірінде қылтыяды. Бұл да жауапсыз. Негізі, ПИК-тен МИБ-тің бір кем дүниесі осы боп тұр. Шілдеге дейін уақыт бар, бір шешімі табылар деген дәме де жоқ емес.

Кадр саралаудағы салмақты қадамдар

Өндірісті өңірдің бүгінгі кім-кімді болсын бейжай қалдырмасы анық. Әсіресе, өркенін енді жайған жобалар жағдайын бұқараның білуі маңызды. Осы орайда басылым Сарандағы KamaTyresKZ шинна зауытының тыныс-тіршілігін ұдайы назарында ұстайды. Бүгінде отандық ауқымда теңдесі жоқ бұл бірегей жоба жұмысыз жүрген жандарды қарамағына оңтайлы жұмылдыруда. Осы тұрғыда Саран қаласының халықты жұмыспен қамту орталығы әріптестік негізде қойларды іріктеуде жүйелі жәрдем көрсетеді. Шаһарда тұрақты негізде халықты ақпараттандыру бойынша кеңес беру-түсіндіру жұмыстары жолға қойылған.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Жұмыспен қамту шаралары Қарағанды, Теміртау, Шахтинск сынды қалалар мен Абай, Бұқар жырау аудандарында әрі жақын маңдағы елді мекендерде де үнемі жүзеге асырылып келеді. Жұмысқа қабылдау туралы хабарландырулар мерзімді түрде қалалық және қала маңындағы автобустарда да орналастырылды. Қазіргі уақытта үміткерлер бізге электрондық поштаға, WhatsApp желісіне, сондай-ақ қағаз түріндегі түйіндемелерді жолдауда. Жұмыспен қамту орталығының мамандары қажет болған жағдайда өтініш берушілерге түйіндеме жасауға көмектеседі. Мәселен, жыл



басынан бастап кәсіпорынның кадр қызметіне 100-ге жуық түйіндеме келіп түскен. Өрине, қызмет бабында «екі қолға – бір күрек» іздеген жандарға іскерлік кездесу барысына да барынша қолғабыс етудеміз, – деп хабарлады мекеме директоры Татьяна Черкасова.

Қала азаматтарына ыңғайлы



болу үшін KamaTyresKZ ЖШС өкілі Павел Бухмин аптасына екі рет қалалық халықты жұмыспен қамту орталығында іскерлік сұхбат өткізеді. Әр азамат жұмыс берушінің өтінімі бойынша өндіріске қажет техникалық мамандықтарға қайта оқытылады. Өзіңізді толғандырып сауалыңыз болса, Саран қаласының Ленин көшесі, 11 мекенжайында орналасқан халықты жұмыспен қамту орталығына жүгіне аласыз.

– Бұл кәсіпорынға еңбек біржасы арқылы келдім. Келе сала өтініш жаздым. Шындығы сол, жұмысқа орналасу барысында ешбір қиындық болған жоқ. Әріптестер көп көмек көрсетті. Оларға рахмет! Жүйелі жұмыс арқасында келешегі кемел кәсіпорынның слесарімін қазір. Байыпты да ерікті еңбек қана адамды шынайы шат өмірге кенелтеді, – деді зауыт қызметкері Алмас Мамытхан.



Төрт станция салынбақ

Осакаров, Бұқар жырау аудандарында, сонымен қатар Ақтоғай және Қу орман және жауаулар дүниесін қорғау шаруашылықтарында өрт сөндіру станцияларын салуға биыл қолмақты қаражат бөлінді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Осыған орай, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен отырыста төтенше жағдайдың алдын алу және жою бойынша өткен жылдың қорытындылары шығарылып, 2023 жылға арналған жоспарлар сөз болды. Өзекті мәселелерді талқылауға облыстық ведомстволардың басшылары, қалалар мен аудандардың әкімдері қатысты.

– Өткен жылы қаражат космо-мониторингке, жарылыс жұмыстарын жүргізуге, 20 бірлік түрлі техника сатып алуға қаржы лизингін өтеуге, техниканы, өрт-техникалық және құтқару жабдықтарын сақтауға арналған жеті ангарды сатып алуға бағытталды, – деді Қарағанды облысы ТЖ департаментінің бастығы Мұрат Қатпа-нов.

Өңірде шалғай ауылдарда өрт сөндіру бекеттерін кезең-ке-

зеңімен құру жалғасуда. Соңғы 5 жылда 45 бекет ашылды. Олардың қарамағында 47 мыңнан астам адам тұратын 82 елді мекен бар.

Шомылу кезеңіндегі балалар мен ересектердің қауіпсіздігі де талқыланды. Өткен жылы 15 адам суға батып кетті, оның ішінде 6 бала. Көп жағдайда басты себеп – жабдықталмаған жерлерде шомылу. Мұрат Қатпаоновтың пікірінше, бұл мәселені коммуналдық жағажайларды ашу және модульдік рамалық бассейндерді орнату арқылы шешуге болады.

Ермағанбет Бөлекпаев бұл мәселеде табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасының, қалалар мен аудандар әкімдерінің көмешілігін атап өтті. Шомылу үшін қосымша жабдықталған орындарды ұйымдастыру міндетін қойды.

– Алдын алу жұмыстарын

жүргізгендеріңіз жақсы. Бірақ бұл жеткіліксіз. Әр қалада және ауданда қауіпсіз жүзу үшін жағдай жасанып отыр. Бұл бірнеше өмірді сақтауға көмектеседі. Мен барлық мәселелер бойынша нақты шешімдер күтемін, – деп атап өтті өңір басшысы.

Отырыста теміржол көлігіндегі төтенше жағдай мәселесі көтерілді. Қабылданған қауіпсіздік шаралары туралы «Қарағанды жол бөлімшесі – жүк тасымалы» АҚ филиалы директорының м. а. Қайролла Сәдуақасов есеп берді. Төтенше жағдайларда жедел әрекет ету үшін теміржолшылардың қарамағында төрт қалпына келтіру және төрт өрт сөндіру пойызы бар. Штат тәжірибелі қызметкерлермен жасақталған.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

• ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ашық қоғамның алғышарты

Ел Президенті 2019 жылғы 3 қыркүйектегі Жолдауында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі орган ретінде қазақстандық полицияның ахуалын оңтайландыруды жолға қойды. Осы бағдарламалық құжатты іске асырудың маңызды бағыты соңғы жылдары жасалып жатқан құқық қорғау жүйесін реформалау болып табылады. Ішкі істер органдары үшін білікті кадрларды даярлау ісіне ҚР ІІМ Бәрмбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы көп үлес қосуда.

Жалпы, біздің ЖОО-ның құрылған күнінен бастап бүгінгі күнге дейінгі білім беру процесі полиция қызметкерлерінің білімін игеруге және күнделікті кәсіби қызметте дағдыларын дамытуға, бір бағытта мамандануына (тергеуші, криминалист) қарамастан қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қарағанды облысы ПД және Қарағанды академиясының бастықтары бекіткен киберволонтерлер тобы туралы ережені іске асыру шеңберінде 16 курсант іріктеліп алынды және қазірдің өзінде киберқылмыстарды ашу бойынша жұмысқа тартылууда. Осыған байланысты тиісті оқытудың қажеттілігі жоқ. Себебі быылдан бастап, жаңа киберқауіпсіздік кафедрасы өз қызметін бастайды. Осылайша, 2023 жылы Академия атап өткен бағыттар бойынша екі кафедра құрылды.

Академия қызметкерлері мен курсанттары «Азаматтарға арналған қабылдау бөлмелері» және «Жолдағы қабылдау орны» атты республикалық масштабтағы жобаларға белсене қатысады. Атап айтқанда, біз ірі сауда орталықтарында азаматтарға кеңес береміз. Аталған жұмыстар карантинге дейін жүрді. Содан кейін Академия сайтында онлайн кеңес енгізілді. Ішкі істер министрлігі полиция қызметіндегі сервистік тәсілдер тұжырымдамасын іске асыруда. Бұл жоба 2019 жылы Қарағандыда басталды. Аймақ басшысының өкімімен академия өкілдері қіретін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ведомстволарлық



топ (МГОБ) құрылды. Біздің ФЗИ ғылыми қызметкері С.Молбасин жалпы қауіпсіздік тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамына кірді. Ол аймақтарды аралап, қызметкерлерге қызмет көрсету тәсілдерін үйретті. Жауапкершілікпен және сапалы атқарылған жұмыс «Үздік жоба» және «Үздік жобалық кеңес» аталымдарын алып, бірінші орынға ие болды.

Сондай-ақ, сервистік тәсілдерді енгізу, қабылдау науқанына да әсер етті. ІІМ жоғары оқу орындарына түсуге үміткерлерге қойылатын талаптар қайта қаралды. Биылғы жолдау – емтихан блогының психологиялық компонентін тереңдетуге мыналар кіреді: талапкер психотесттен өтеді, эссе жазады.

Болашақ полицейлерді қазіргі заманға сай даярлау, ІІО-ның қызметтегі қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары қайта өңделді. Полиция қызметінің сервистік тәсілдері тек әкімшілік қыз-

меттерге ғана қатысты емес. Біз сол бағдарламаға шешендік өнерді, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын оқытуды, менеджмент негіздерін бойынша арнайы курстарды енгіздік. Бұл ІІО қызметіндегі ұйымдастыру және басқару, қызметкерлердің кәсіби этикасы, стресске төзімділік дағдыларын дамыту, психологиялық бағытты дамыту болып табылады. Курсанттарға арналған барлық оқу бағдарламалары қылмыстың өзекті түрлерін, соның ішінде киберкеңестіктегі қылмыстарды ескере отырып әзірленген. Оқу бағдарламаларына сервистік тәсілдерді оқыту элементтерін қарастыратын тақырып енгізіледі.

Отбасылық қылмыстың өсуіне байланысты академияда «тергеуші-әйелдер» арнайы факультативтік курсы ұйымдастырылды. Онда оқыту барысында курсант-қыздар, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар бойынша тергеу және тергеу іс-қимылдарын жүргізу ерекшеліктерін зерделейді. Бұл да қызмет көрсету тәсілдерінің бір бағыты. Сонымен қатар, біздің академияға біліктілікті арттыру курстарына келген ІІО-ның барлық қызметкерлері полицияның сервистік қызметі бойынша тақырыптарды оқып жатыр. Қазіргі таңда атқарылып жатқан негізгі критерийге сай жұмыстар осы.

Ахметкали ДӘРМЕНОВ,
полиция генерал-майоры,
ҚР ІІМ Бәрмбек Бейсенов
атындағы
Қарағанды академиясының
басшысы

Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 14 ақпандағы Қарағанды қаласы бойынша депутаттыққа кандидаттарды тіркеу ХАБАРЛАМАСЫ

Кандидаттың аты-жөні	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі		
Нурлан Аманжолович Айкеев	1968	«Мұнайөзен КТН» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Жаслан Айтмағанбетов	1983	«Қазақстан тұтынушыларының республикалық қауымдастығы» ЗТБ президенті, Қарағанды қ.
Махмут Каспанович Алипбергенов	1964	«Тау-Кен-Самұрық» ҰКП АҚ тау-кен жобалары жөніндегі сарапшы, Қарағанды қ.
Жибек Камалиевна Камали	1962	«Персон» фитнес клубының директоры, Қарағанды қ.
Сабит Сексембекулы Шорин	1964	«Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ оқытушысы, Қарағанды қ.
Қарағанды облыстық мәслихаты		
Гульнара Жендиковна Адамбекова	1966	«Қарағанды мемлекеттік зоологиялық паркі» КМҚК директоры, Қарағанды қ.
Бейбит Сабырович Досжанов	1965	«Интерстройсервис К» ЖШС бас директоры, Қарағанды қ.
Сара Аубакировна Жунусова	1967	Директор НПО «Ассоциация налогоплательщиков и бухгалтеров», Қарағанды қ.
Абай Кобландисевич Калыков	1975	«А.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ басқарма мүшесі – тәрбие жұмысы жөніндегі проректор
Кадияша Базарбаевна Оспанова	1959	Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, Қарағанды қ.
Қарағанды қалалық мәслихаты		
Қайрат Темирович Абдрахманов	1968	ШЖК «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК директоры, Қарағанды қ.
Ануар Төлеубекұлы Абдығали	1982	«Айжан -1» ЖШС жерлеу және құрылыс директоры, Қарағанды қ.
Қорлан Жамсаповна Абзалиса	1969	«№2 лицей» КММ директоры, Қарағанды қ.
Айгуль Жакановна Азбаева	1970	«Қарағанды қаласының №5 емханасы» КМК директорының орынбасары, Қарағанды қ.
Андрей Юрьевич Акимочкин	1983	«Акимочкин АЮ» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Александр Юрьевич Алексеев	1985	«№2 музыка мектебі» педагог-концертмейстері, Қарағанды қ.
Сауле Салменовна Аманбаева	1972	«Қарағанды облысының азаматтық кеңесі» ҚБ бизнес-кеңесшісі
Сергей Валентинович Ан	1967	NOMAD MMA ұлттық жекпе-жек түрлерінің дүниежүзілік федерациясының вице-президенті, Қарағанды қ.
Нурлан Туйжанович Аубакиров	1984	Жеке кәсіпкер, «ҚХА Кәсіпкерлер қауымдастығы» ЗТБ төрағасы, Қарағанды қ.
Аскар Туkenovich Аужанов	1977	«Адал Jureq» коммерциялық бастамалар орталығы» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Дидар Айдарович Ахмадин	1987	«Қарағанды-Жарық» ЖШС бас директорының орынбасары, Қарағанды қ.
Айткен Оралбайұлы Ахметбеков	1982	«Aurora Service» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Жаксылық Қайырбекович Ахметов	1976	«Avto Way» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Айсулу Абдухалықовна Ахметова	1987	«Sportleader» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Ботағоз Телмановна Ахметова	1982	«Bolashaq» академиясы ЖМ ғылыми хатшысы, Қарағанды қ.
Толеген Мукатаевич Ашимов	1958	«Стройтехнология» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Адэль Даулетович Бактыбаев	1980	«Адал инженеринг» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Арман Балтабекович Бейсембаев	1985	«Қарағанды пайдалану депосы ДВБ 13» бас инженері, Қарағанды қ.
Владислав Александрович Болдырев	1989	«Қарағанды пайдалану локомотив депосы» КТЖ ҰК АҚ электровоз машинистінің көмекшісі, Қарағанды қ.
Александр Вячеславович Бочаров	1990	«Мобайл ТелекомСервис» ЖШС заңгері, Қарағанды қ.
Алтынторе Жангельдыевич Буkenov	1974	«Қарағанды банк колледжі» ЖМ директоры, Қарағанды қ.

Максим Иванович Видмер	1985	«Алтын Бұлақ 2050» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Куандық Абыхаевич Габдуалиев	1980	«Габдуалиев КА» ЖК басшысы, Қарағанды қ.
Александр Николаевич Гиберт	1983	«Gibert@Partners» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Игорь Николаевич Голев	1963	«Каздаму 15» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Айдар Гапбасович Гомаров	1968	«№40 жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры, Қарағанды қ.
Шамир Нелсонович Григорян	1992	«Григорян» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Валентина Мараговна Губарева	1999	«Sunrise homeG» ЖШС инженері, Қарағанды қ.
Денис Виталиевич Дедов	1976	«Дедов» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Якуб Хамидович Джамалов	1996	«Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры, Қарағанды қ.
Дархан Избасарович Джузбаев	1985	«Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы, Қарағанды қ.
Сауле Жанатовна Дуйсембаева	1985	«Семсертехсервис» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Дия Кушкеновна Ержанова	1975	«Қарағанды облысының әйелдер күштері Альянсы» ЗТБ балалар, жастар, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі уәкілі, Қарағанды қ.
Рустан Аслханович Ермағанбетов	1996	«Сапа Жол Ко» ЖШС инженері, Қарағанды қ.
Айдос Серикбаевич Ешанов	1985	«Қарағанды пайдалану депосы» ҚПВД Қарағанды-Сұрыптау станциясының техникалық қызмет көрсету тірек пунктінің бастығы, Қарағанды қ.
Сапар Габдыманович Жазыбаев	1983	«КТЖ» ҰК АҚ филиалы – Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» орталығының директоры, Қарағанды қ.
Табиғат Кыргызбаевна Жанказаква	1974	Уақытша жұмыссыз, Қарағанды қ.
Саян Жангазиевич Жарылғапов	1988	«Өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды қайта әлеуметтендіру орталығы» журналисі
Арман Нурмаханович Жорабеков	1995	«Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығы» КММ бөлім басшысы, Қарағанды қ.
Айбек Темирбаевич Жумабеков	1972	«Белый ветер КЗ» ЖШС директорының заң мәселелері жөніндегі орынбасары, Қарағанды қ.
Қайрат Казбекович Зайтов	1977	«Сапфир 2021» ішкі бақылау қызметінің бастығы, Қарағанды қ.
Ерболат Ерсинович Закиров	1993	«Закиров» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Дархан Тунғышбекович Ихсанов	1986	«Qinspection» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Даурен Жумадилдаевич Қайрбеков	1985	«Қайрбеков» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Мурат Маратович Қайрақбаев	1991	«ГАЗ oil PROM KZ» директоры, Қарағанды қ.
Ардақ Мендығалиевич Қалмағанбетов	1962	«Қарағанды Су» ЖШС күзетшісі, Қарағанды қ.
Мурат Тилеубекович Камалиев	1975	«Қарағанды қаласының құрылыс бөлімі» ММ басшысы, Қарағанды қ.
Оксана Геннадьевна Королева	1987	«Оксана Королеваның бокс мектебі» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Михаил Петрович Кузив	1963	«Кузив» ЖК төрағасы, ЖОБ, Қарағанды қ.
Мурат Тасбулатович Кудеринов	1977	«Наше правокз» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Шукуржан Елубаевич Кулжамбеков	1973	Қарағанды қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қарағанды қ.
Еркин-Дауір Төлеуович Курманғалиев	1972	ШЖК «Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана» КМК директоры, Қарағанды қ.
Дәуір Шаттықұлы Қайркен	1995	«Сапа Жол Ко» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Татьяна Леонидовна Лисовская	1977	«№1 көпбейінді аурухана» КМК психологы, Қарағанды қ.
Мадияр Мазимов	1990	«Қарағанды Су» ЖШС слесарі, Қарағанды қ.
Ерсен Ермуратович Молдашев	1985	«КарЭнергомонтаж» ЖШС электр монтаждаушысы, Қарағанды қ.
Никита Сергеевич Мошкин	2002	«Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ студенті, Қарағанды қ.

(Соңы. Басы 2-бетте)

Серик Бейсембаевич Муқанов	1960	«Теміржолшылар мәдениет сарайы» КМҚК директоры, Қарағанды қ.
Мурат Сарсенбаевич Нурғалимов	1989	Уақытша жұмыссыз, Қарағанды қ.
Тимур Маратович Нургожин	1988	«Eskolin» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Алдияр Сембекович Нурмағамбетов	1986	«Қазактелеком» АҚ КШҚО бастығы, Қарағанды қ.
Айтпану Калеловна Омарова	1964	«Ресайлинг Сервис» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Бахтияр Никанбаевич Омарханов	1990	«Металлургия» индустриалдык паркі» ЖШС директорының орынбасары, Қарағанды қ.
Мақсат Орымбасарұлы	1987	өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Қарағанды қ.
Әлібек Сырғабайұлы Өмірбай	1979	«BDAtrade» ЖШС заң кеңесшісі, Қарағанды қ.
Марина Сергеевна Платонова	1985	«OPTIMUS» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Евгений Васильевич Пономарев	1987	«Қарағанды машина жасау консорциумы» атқарушы директоры, Қарағанды қ.
Асхат Мерекенович Ракишев	1981	«Snad system 75» ЖШС директорының орынбасары, Қарағанды қ.
Данияр Нурғалиевич Рахимов	1978	өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Қарағанды қ.
Равиль Исламович Садықов	1987	«Gaz Group KO» ЖШС басшысы, Қарағанды қ.
Канат Абдуллович Сапенов	1967	«Сапенов К.А.» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Александр Викторович Соколов	1977	«Соколов А.В.» ЖК, Қарағанды қ.
Аслан Болатханович Ташимов	1981	«Қазакмыс» корпорациясы» ЖШС жетекші маманы, Қарағанды қ.
Арслан Турсынбекович Турганбаев	1987	«Asyl s company» ЖШС директоры, Қарағанды қ.
Дулат Муратович Умбетов	1994	«Қарағанды банк колледжі» ЖМ оқытушысы, Қарағанды қ.
Адил Есенович Упабеков	1986	«Дефектоскопия УЕУ» ЖШС құрылтайшысы, Қарағанды қ.
Андрей Владимирович Урусов	1973	«Урусов» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Ольга Анатольевна Фатюхина	1985	ШЖҚ «Профессор Х.Мақажанов атындағы көпбейінді аурухана» КМК дәрігері, Қарағанды қ.
Белла Зиядовна Филимонова	1979	«Филимонова Б.З.» ЖК директоры, Қарағанды қ.
Георгий Николаевич Чащин	1988	«GC CONSULTING SERVICES» ЖК, Қарағанды қ.
Қадыр Жасуланович Шалтабаев	1985	Жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы, Қарағанды қ.
Нурсултан Мейрамович Шаменов	1993	«Аманат» партиясы Қарағанды қалалық филиалының саяси жұмыс бөлімінің басшысы
Ирина Петровна Шнишкова	1963	«Дедов» ЖШС жабдықтау бөлімінің бастығы, Қарағанды қ.
Ольга Георгиевна Юрковская	1983	«Лепёха» ЖК әкімшісі, Қарағанды қ.

● СПАРТАКИАДА

Қысқы спорт сайысы

Қарағанды қаласының Ақжолтай мұз сарайында дәстүрлі қысқы спартакиада өтті. Оған өңіріміздің барлық қалалары мен аудандарынан 400-ге жуық спортшы қатысты.


Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарыс бағдарламасына спорттың төрт түрі енгізілген. Олар қысқы Президенттік көпсайыс, шаңғы жарысы (эстафета), хоккей және конькимен жүгіру. Осынау қыс көркіне айналған ақ қар, көк мұзды бағындырған спортшылар қарқын биыл да ауыз толтырып айтарлықтай екенін облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов айтып өтті. Ол аймақтағы спорт ахуалының адымдауын тілге тиек етіп, оның ішінде бұқаралық спортқа көңіл бөлінгенін жеткізді. Спорттық шарға Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск сияқты қалалар атсалысты.

Бір айта кетерлігі, «Қарлы қыс» спартакиадасы аудандар арасында 33-ші рет, ал «Ақ қыс» қалалар арасында 20-шы рет өтуде. Жалпы сайысқа 18 жастан асқан Қарағанды өңірінің ең белсенді тұрғындары зор ынталмен қатысты. Бұл жолы қарағандылық спортшылардың бағы жанып, бас жүлдеге ие болды. Олар сын алаңындағы төрт сайыстан да сүрінбестен, әрқайсынан 15 ұпайдан еншіледі. Ал, теміртаулықтар ІІ орынға табан тіреді. Шаңғы жарысында Қарағанды командасына есе жібергенімен өзге командалардан көш ілгері болды. Осылайша ақтық сында 12 ұпаймен жеңісті орынға қол жеткізді. ІІІ орын Шахтинск қаласына бұйырды. Шахтинск спортшылары конькимен жүгіруден 12 ұпайға ие болды. Бұл олардың осы сындағы ең жоғары ұпайы.

Еске алу

2023 – жылдың 16 ақпанында ұлан-асыр той жасап, бірімізге – іні, бірімізге – аға, қайын ата, қайын аға, бауыр, балдыз, нағашы ата **Тұрсынбек АЙТАШҰЛЫН** 70-ке келген мерейтойымен құттықтап жатар едік. Өкінішке орай жиырма жылға тақау Тұрсынбек арамдызда жоқ. 2004 жылдың 20 маусымы – біз үшін қайғылы күн болды. Анамыз «боталап», жұбайы Бибігүлдің, барлық туыстың жүрегі қайғы-қасіретке толды.



Алланың ісіне аратұра алмай-сың, жылдык-сықтадық, әлі де сағынамыз, қолдан келер шара – дұға бағыштап, жекжатты жинап, дастарқан жайып, құдайы ас беру, Құран оқыту.

«Орында бар оңалар» деп ата-бабамыз жай айтпаған ғой, жұбайы Бибігүл тұмысқытыға шоктырмай, қанаттыға қақтырмай, Тұрсынбектің ұрпағын өсірді-өндірді. Ұлды – ұяға, қызды – қияға қондырды. Аллаға мың да бір шүкір – Гаухар, Данияр, Анар, Арай – барлығы жоғары білім алып, қызмет жасап жатқан жайы бар.

Бибігүл әжелерінің етегіне оралып немерелері өсіп жатыр. Данияр әкесінің арманын орындап, үй салып, жары Жібекті кездестіріп, отау құрып, қарашаңыраққа ие болды.

Беріліп жатқан ас қабыл болсын! Тұрсынбектің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, аруағы ұрпағын қолдап жатсын.

Мәңгі есімізdesің! Қол жайып «Әумин», – деп бата оқып, Жүреміз талай барып қабіріне. Мейіріммен жымыған күлкіңізді, Еске алып мәңгілікке, сағынамыз. Жатқан жерің, бауырым, жайлы болып, Сәуле шашып тұрсыншы қабірің де.

Еске алушылар: Мәнсия, Шырақбай-Ғалия, Әлия, Тұрар-Бақытгүл, Төлеутай-Бақытгүл, Талғат-Бақытгүл, Қуандық-Нағима, жұбайы – Бибігүл, балалары, немерелері.

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Білім мен тәрбиені ұштастырған мектеп

Балалар – еліміздің болашағы. Оларды жастайынан тәрбиелеу – қоғамдағы басты мәселе десек болады. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» дейді ұлы ойшыл әл-Фараби. №1 білім-инновация лицей-интернатының шаңырағында білім алып жатқан жеткіншектерге сапалы білім, саналы тәрбие беруде жұмыстар жүйелі атқарылып жатыр.



Баланы жан-жақты дамыған етіп қалыптастыру, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру біздің басты мақсатымыз. Әр оқушыны елге, жерге, қоғамға еңбек сіңіретіндей етіп тәрбиелей алақ, алға қойған мақсатымыздың орындалғаны.

Сынып тәрбиешісі болғаннан кейін оқушылардың жеке іс-құжаттарын, оқу үлгерімін, жатақханадағы болме тазалығын күнделікті қадағалаймыз. Одан бөлек, жылдық жоспар бойынша тәрбие сағаттарын жиі өткізіп тұрамыз. Лицейде үнемі пән апталғы өтеді. Осы арқылы оқушылар білімін тереңдетіп, жан-жақты дамиды, ғибрат алады.

Сонымен қатар, оқушыларымыз іс-шараларға, апталықтарға, олимпиадаларға белсене қатысып тұрады. Біз бағыт-бағдар беріп, жетекшілік етеміз.

Бізге балалардың кітап оқуы жүйелі жолға қойылған. Кітап арқылы тәрбиелейміз. Әуезов шығармаларына қатысты форум

Салтанат СЫЗДЫҚОВА, тәрбиеші

Жаңалықтан құр қалмаңыз!
«ОРТАЛЫҚТЫ» САЙТТАН ДА ОҚЫҢЫЗ
www.ortalyq.kz

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналауға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 20.03.2023 жыл.
Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2-үй, 4-қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Анжерская көшесі, 37 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу» КМК байланыс телефоны 8(7212) 441580. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірін:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке 18.03.2023 жылғы мерзіміне дейін ұсынылады.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталғы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орынының басшылығынан ұсыным) беруге болады. Құжаттарды қабылдау күні 16.02.2023 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленных организациях здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 20.03.2023 года.
Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212)559784.

В КПГ «Карагандинский областной центр по профилактике и борьбе со СПИД» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Анжерская, дом 37, контактный телефон 8(7212)441580. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

Требования предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательном совете в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы не менее десяти лет в сфере образования;
 - наличие опыта руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместитель) не менее пяти лет в сфере образования;
 - членства в общественных объединениях в сфере образования.
- В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:
- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
 - являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
 - ранее совершившее коррупционное правонарушение;
 - находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы для участия в конкурсе необходимо предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14 в срок до 18.03.2023 года.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документа с 16.02.2023 года.

Хабарландыру

1. «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ «Қарағанды облысы Нұра ауданының жерлерінен ғылыми мақсатта бетпақдала популяциясының киіктерін табиғаттан алу» ғылыми жобасының биологиялық негіздемесін жария талқылау түрінде қоғамдық талқылау өткізілетіні туралы хабарлайды.

2. Әсер сту аумағы – Қарағанды облысының Нұра ауданы;
3. Жария талқылаулар ecportal.kz сайтында жарияланады 24.02.2023 ж. бастап 10.03.2023 ж. дейін;

4. Көзделіп отырған қызмет бастамашысы – «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан к-сі, 51, тел. +77054111777;

5. «Қарағанды облысы Нұра ауданының жерлерінен ғылыми мақсатта бетпақдала популяциясының киіктерін табиғаттан алу» ғылыми жұмыс жобасын әзірлеуші – «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан к-сі, 51;

6. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен ecportal.kz сайтында және <https://www.gov.kz/> ресми интернет-ресурсында танысуға болады;

7. Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін asar-live@mail.ru электрондық мекенжайында және ecportal.kz сайтында сұрауға болады. т. +77054111777;

8. Ескертулер мен ұсыныстар электрондық пошта арқылы қабылданады: asar-live@mail.ru және ecportal.kz сайтында т. +77054111777.

Объявление

1. НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования к научному проекту: «Изыятие из природной среды Нуринского района Карагандинской области сайгаков бетпақдалалық популяциясы в научных целях».

2. Территория воздействия – Нуринский район, Карагандинская область.
3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте ecportal.kz с 24.02.2023 до 10.03.2023 г.;

4. Инициатор намечаемой деятельности – НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск, ул. Жангир хана, 51, тел. +77054111777;

5. Разработчик биологического обоснования к научному проекту «Изыятие из природной среды Нуринского района Карагандинской области сайгаков бетпақдалалық популяциясы в научных целях» – НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», Республика Казахстан, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51.

6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на сайте ecportal.kz, а также на официальном интернет-ресурсе – <https://www.gov.kz/>;

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по электронному адресу – asar-live@mail.ru на сайте ecportal.kz. т. +77054111777;

8. Замечания и предложения принимаются по электронной почте: asar-live@mail.ru, также на сайте ecportal.kz. т. +77054111777.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің білу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Қарағанды: ауа райы

16 ақпан	17 ақпан	18 ақпан
-9 -14	-7 -16	-5 -11

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

• АКЦИЯ

Кітап алмасқан күн

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткен жылдың қыркүйек айында басталған «Кітап – Қазуна» кітап оқу жобасы мәресіне жетті. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының – 150, ақын, қайраткер Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай өткізілген шараны іргелі білім ордасының қызметкерлері Эльмира Сайлауқызы мен Марғұлан Уәли ұйымдастырғанын атап өткен жөн.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кітап оқу жобасына әр факультеттен барлығы 12 топ қатысып, төртеуі ақтық кезеңге жолдама алған еді. Ақтық кезеңде әр топ жеребе бойынша түскен жанрға сәйкес сахналық қойылым әзірлеп, көрерменге ұсынды. Халықаралық кітап сыйлау күні аясында «Кітап – Қазуна» кітап оқу жобасының қорытынды кеші өтіп, білім мен өнер додасында жүзден жүйрік, мыннан тұлпар шыққан студенттердің алты ай бойғы еңбегінің нәтижесі жарияланып, жеңімпаздар анықталды.

Филология факультетінің «Үркер», математика және ақпараттық технологиялар факультетінің «IQIP», тарих факультетінің «Жас Алаш», философия және психология факультетінің «Жалын» және филология факультетінің «Ұшқын» тобы Алғыс хатпен, жобаның театрландырылған сахналық қойылымдар кезеңінде үздік өнер көрсеткен студенттер «Үздік актер», «Үздік әйел адам ролі», «Үздік ер адам ролі» аталымдарымен марапатталды.

«Кітап – Қазуна» кітап оқу жобасының қорытындысында, филология факультетінің «Жалын» тобы жүлделі III



орынға, химия факультетінің «Кемеңгер» тобы жүлделі II орынға, филология факультетінің «Маса» тобы мен экономика факультетінің «Қаракесов сандықтары» тобы I орынға ие болды.

Бұл жобаға Қарағанды университетінің оқытушылары мен Сәкен Сей-

фуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры қызметкерлерінің қолдауы мен зор көмегі болғанын айрықша атап айту керек.

«Кітап – алтын қазына» демекші, «Кітап – Қазуна» жобасы рухани азық пен мол білімнің қайнар көзіне айналды отырып, студент-жастардың таным көкжиегін кеңейтуге зор ықпалын байқайды. Ол осы жоба аясында университетте 14 ақпан – халықаралық кітап сыйлау күні-

ры Нұрлан Дулатбеков пен қала әкімінің орынбасары Ләззат Төкенқызы сөз сөйлеп ашты. Студенттер мен қоңақтарға сәттілік тілеп, аталған бастаманы қолдайтынын және өздері де қуана қатысып жатқанын айтты.

Іс-шараға ел алдында жүрген танымал 50 аға буын өкілі мен 50 студент қатысты. Олар бір-біріне жеребе арқылы өзі оқыған немесе өз қаламынан туған кітаптарын сыйлады. Жалпы, 100-ден астам кітап өз несін тапты.

Атап айтсақ, АМАНАТ партиясы облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбек, SARYARQA телеарнасы директорының орынбасары Жәнібек Садыхан, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек, «Қасым» республикалық әдеби журналының бас редакторы Серік Сағынтай, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Салауат Кентбек сынды аға буын өкілдерінің қолынан жастар кітапты қуана алды.

– Кітап – көне замандардың куәсі. Адамзат баласы көрген-білгенін, түйсінгенін кітапқа жазды. Тәурат, Зәбүр, Інжіл және Құран кәрімді «көктен түскен» деп төбесіне көтерді. Жазудың, кітаптың қасиетін сезінді. Жұрт кітапты жаппай оқытын кезеңдер болды. Қазір кітаптың бәрін цифрлап компьютерге көшіріп, ұсына да оқымай жатыр. Оқуға баулу үшін осындай кітап сыйлау акциясы өтуде. Енді, кітап жоғалу, кітапты жоқтау заманы келмесе екен. Соның алдын алу үшін осындай кітап оқуды насихаттайтын шаралар керек-ақ, – деді ақын, жазушы Серік Сағынтай.

«Кітап маған тақтан да қымбат» (Шекспир) демекші, кітап оқуға деген құшлыныс тек ізгілікке тәрбиелейді. Ендеше, кітап оқық, насихаттап жүрейік.

• КӨКПАР

Тай мініп, тақым тартысып...

Ақтоғай ауданының Қызыларай ауылында «Қарағанды облысының ұлттық және ат спорты түрлерінің федерациясы» Қоғамдық бірлестігінің қолдауымен, облыстық «Бәйтерек» көкпар клубының жетекшісі Ерлан Оспановтың бастамасымен, қарағандылық «Көрпетай» командасының белді салымшысы Айбар Мәнидің ұйымдастыруымен жергілікті жеткіншектер арасында көкпар өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Баласына ат өтеріп, топ бәйгеге тұлпар жарытып, кекілін сылатқан аталар арманы орындалды. Ұлттық спорт ұлт деңгейінде ғана емес бүкіл түркі этносына ортақ құндылық болып қалыптасты. Осы бір серпіліс елге ұран салғандай. Ұлттық рухтың алға қадамдауы – қазақ күресінің, тоғызқұмалақ пен көкпардың әлем деңгейінде танылуынан да анық аңғарылады. Қызыларайда ұйымдастырылған жеткіншектер арасындағы ойын да осыған айғақ.

– Ауыл балаларының ұлттық спортқа оның ішінде ат спортына деген ынтасы өте жақсы. Кейбір құнан-тайы жоқ балалар жүгенін қолтықтап өздері келеді ат іздеп. Соларға қарап тұрып қайран қаламыз. Демалыс сайын ауыл балалары көкпар алаңында арнайы муляж тартып жаттығып тұрады. Болашақта жақсы па-

луандар шығады деген үміттеміз, – деп атап өтті Айбар Мәни.

Қызыларайдың жас палуандары осылайша екі топқа бөлініп тарысты ойын көрсетті. Жүген ноктаға енді мойын ұсынған шалабас тай-құнан болса да қос-қолдап бұрып жалтаруға икемдеп бағуда. Атап айтсақ, Ақтілек Тегісбектің жерге еңкеюге талабы зор. Ол желіп келіп жердегі 30 келілік муляжды оңай іледі. Сондай-ақ, Орынбасар Шаймұраттың да тақымы таралғысымен бірге қатып қалғандай. Жерге еңкеюі де жаман емес. Ал, Нұртілеу Жеткін тақымына басқан көкпарды анау-мынау палуанға суырта қоймады. Бір сағатқа созылған ойын қорытындысы бойынша қос команда тең түсті. Атсалысып, талаптанған жас палуандарға ынталандыру сыйлықтары таратылды.



• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Әлемді мейірім күтқарады

Түркиядағы зілзаладан соң әлем елдері жаппай гуманитарлық көмек көрсетіп жатқаны мәлім. Бүгін ғана мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Түркияға салмағы 55 тонна болатын қосымша гуманитарлық көмек жөнелтілді. Осындай сауапты істе Қарағанды облысындағы «Шаңырақ» көпбалалы отбасылар орталығы да қалыс қалмады.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



– Ағайынның қадірі қиын кезде білінеді ғой. Түрік ағайындарға көмек көрсетуде біздің орталық белсенділік танытты. Әлеуметтік желі арқылы көмек қолын созуға ынталы топты шақыру мақсатында хабарламалар таратылды. Лезде қолдаушылар саны артты. Бірінен бірі естіген адамдар көрпе-жастықтар әкелді. Оның ішінде көпбалалы отбасылардың үлесі басым. Көрпе-жастық жинауымыздың себебі, біздің елден киіз үйлер жөнелтілген болатын. Соған жабдық болсын деп шештік. Білім беру мекемелері, кәсіпкерлер де лек-легімен қол ұшын беріп жатты, – деді, орталық кеңесшісі Айша Сүлейменова.

Орталық басшысы Ләззат Қожахметованың ұйымдастыруымен жүзеге асқан қайырымдылық шарасына қарағандылықтар шама-шарқынша қолдау білдірді. Адамдардың мейірімділігі болар, лезде қажетті жабдықтар, балалар шапаны, санитарлық-гигиеналық заттар жиналды. Ләззат ханым «Түрік мемлекетінің Астанадағы

елшілігіне қайырымдылық көмекті апарып тапсырдық. Бізді елшінің кеңесшісі Шөкәт Байрам мырза өзі қарсы алды. Көңіл айту кітабына қолтаңбамызды қалдырдық. «Түркия түлектері» қауымдастығының өкілі Исламбек бізді күтіп алып, заттарды түсіруге көмектесті» деп жазды Facebook-тағы парақшасында.

Орталық мамандарының айтуынша, қайырымдылық іс-шарасына қатысушылардың қарасы қалын. Әлі де адамдар келіп, көмек беруде. Бұл шара адам адамға бауыр екенін, қиын сәтте қолдай білетіндігін, сауапты істе ұйысып, береке-бірлікпен кірісе алатындықтарын көрсетті. Жиналған заттарды Астана қаласына тегін жеткізіп берген Руслан Исламоллова, «Қоғамдық келісім» мекемесіне, қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Өшімге, облыстық қолөнершілер одағының жетекшісі Перизат Тотыбековаға, ақтоғайлық журналист Гүлнар Елеусізоваға «Шаңырақ» орталығының мамандары алғыс білдірді.

• ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ

Ел үміті – Эльмирада

Мысырдың Александрия қаласында грек-рим күресінен 1928 жылы Амстердамда өткен IX жазғы Олимпиада ойындарының чемпионы Ибраһим Мұстафаны еске алуға арналған XXXIV халықаралық рейтингтік турнир өтпек.

Боз кілемде бақ сынамаққа жолдама алған отандастар қатарында қарағандылық Эльмира Сыздықова, Серік Бақытханов, Ибрагим Мағомадов, Ерулан Ысқақов бар. Спортшылар осы белдесуде жүлделі орынға иігер болса алдағы Париж 2024 Олимпиадасына жолдама алады. Естеріңізге сала кетсек, Эльмира Сыздықова жуырда өткен ҚР спартакиадасында қарсылас шақ келтірмеген еді. Әйелдер күресінде 76 келі салмақта бетке ұстар палуанның бірегейі осы Эльмира Сыздықова.



• ТЕННИС

Қос қазақстандықтың қарқыны басым

Шербурда (Франция) теннистен Челленджер сериясының турнирі басталды. Аталған жарыстың жүлде қоры 73 мың АҚШ долларын құрайды.

Бейбіт Жұқаев (304 АТР) бірінші іріктеу кезеңінде француз Максанс Божаны 6:4, 6:3 есебімен жеңді. Тағы бір қазақстандық Денис Евсеев дода басында француз Константин Битунды тізе бүктірді. Есеп 6-3, 7-6 (7:4).

Турнирдің негізгі торына шығу үшін Жұқаев пен Евсеев бір-біріне қарсы ойнауы керек. Ал, Андрей Голубев пен Александр Недовесов жұптық разрядта Кордовада (Аргентина) өткен АТР 250 сериялы турнирдің финалына шыға алмады. Жартылай финалда қазақстандық дуэт Максимо Гонсалеске (Мексика) — Андрес Молтенеге (Аргентина) 4:6, 3:6 есебімен есе жіберді.



• УСТЕЛ ТЕННИСІ

Командалық сында сүріндік

Үстел теннисінен Германия чемпионатының XVII-турында Кирилл Герасименко, Маттиас Фальк, Марсело Агирре, Кристиан Плетса бастаған отандық «Werder» командасы Седрик Нюйтинкпен, Такуя Джинмен, Патрик Францискаммен, Бундеслига қобасшыларының бірі «FC Saarbrücken-IT» клубы (Саарбрюккенмен) кездесті.

– Өкінішке қарай, біз өз мүмкіндігімізді пайдаланбадық. Жеңіс қолда болған. Әсіресе, Марсело Агирренің Такуя Джинге қарсы партиясында, Агирре бірінші кезеңде 11:7 есебімен жеңіске жетті. Екіншісін де өз пайдасына шешті, алайда, 9:11 есебімен жеңілгеннен кейін матч Такуя Джиннің пайдасына ауысты, – деді «Werder» тобының жаттықтырушысы Кристиан Тамаас.

Ал, жекеленген сайыста Кирилл Герасименко 0:3 есебімен қарсыласқа есе жіберіп алды.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№19 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансап ОМАРБЕК**